

БЕКІТЕМІН
Білім басқармасы басшысы
М.Сулейменов
2023 ж. « ___ »



Облыстық «Жетісу ұстазы» байқауының ЕРЕЖЕСІ

Облыстық «Жетісу ұстазы» байқауын Жетісу облысының білім басқармасы облыс Әкімінің қолдауымен ұйымдастырып, өткізеді.

Байқаудың мақсаты:

Шығармашылықпен жұмыс істейтін, талантты, ой өрісі биік, парасатты өзіндік авторлық жаңашыл идеясы бар, әдістемелік шеберлігі зор, педагогикалық мәдениеті жоғары, жан-жақты дамыған мұғалім мәртебесін көтеретін ерекше тұлғаны анықтау.

Байқаудың міндеттері:

- Педагогтердің кәсіби беделді тұлғасын қалыптастыру, мадақтау және қолдау көрсету;
- Мұғалім кәсібінің мәртебесін көтеру;
- Мұғалімдерді өз кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге ынталандыру;
- Озық педагогикалық іс-тәжірибелерді насхаттау және тарату.

Байқауды өткізуі ұйымдастыру

- Байқау Жетісу облысы білім басқармасы бекіткен Ережеге сәйкес өтеді;
- Байқауға қатысуға әр ауданнан (қаладан) бір ғана женімпаз жіберіледі;

Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Білім беру мекемесінің штаттық педагогикалық қызметкері болуы шарт;
- Байқауға қатысушының педагогикалық еңбек өтілі 6 жылдан кем болмауы тиіс.

Байқаудың мазмұны мен кезеңдері

Байқауды өткізуінің мынандай кезеңдері белгіленеді:

Бірінші кезең - аудандық, қалалық кезең сәуір-мамыр айларында өткізіледі.

Облыстық кезеңге аудандық (қалалық) кезеңінің женімпаздары қатыса алады.

Екінші кезең - облыстық «Жетісу ұстазы» байқауы 2023 жылдың 28-29 қыркүйегінде Талдықорған қаласында өткізіледі.

Байқауға қатысу тәртібі:

I түр: Сабак.

- Білім беру ұйымында күндізгі форматта қатысушы күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес сабак өткізеді – 45 (қырық бес) минут.
- Байқау қатысушылары бейтаныс сыныпта сабак өткізеді. Сабактың тақырыбын қатысушы өзі күнтізбелік – тақырыптық жоспарға сәйкес анықтайды.

Сабакты бағалау критерийлері:

Мақсаттары:

1. Сабактың оқу мақсаттары күнтізбелік – тақырыптық жоспарына сәйкес таңдалған;
2. Сабак мақсаттары (бағалау критерийлері) оқу мақсаттарына сәйкес қойылған;
3. Сабактың мақсаттары ойлау қабілетінің деңгейіне сәйкес SMART форматында құрылған

Оқыту әдістері:

1. Оқу мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді;
2. Сабак мақсаттарымен бағалау критерийлеріне сәйкес барлық оқушылардың оқу үдерісіне қатысуына ықпал етеді;
3. Оқушылардың жеке және ерекше қажеттіліктеріне сәйкес окуын қолдайды;
4. Формативті бағалау құралдарын біледі және тиімді қолданады;
5. Ресурстарды, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларын пайдалану;

Тапсырмалар:

Оқу мақсатына жетудің бағалау критерийлеріне және ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келеді;

2. Функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді;
3. Оқушылардың жеке және /немесе ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келеді;
4. Педагогтің вербалды және вербалды емес қарым- қатынас дағдылары;

2 тур «Білім берудегі жаңа трендтер» бетпе - бет (5-7 мин)

Конкурс тапсырмасы **TED формат**: Өз тәжірибесіндегі жаңаша трендтерді демонстрациялау. Уақыт регламенті: 5-7 минут.

Бағалау критерийлері:

- Идеяның құндылығы;
- Өзектілігі мен жаңашылдығы;
- Ойын еркін білдіруі;
- Аудиториямен байланыс құру;
- Уақытты ұтымды пайдалану;
- Сахна мәдениеті.

3 тур

«Ұстаз – ұлы есім» фотоэссе (сырттай).

Бағалау критерийлері:

«Ұстаз – ұлы есім» тақырыбындағы фотоэссе мұғалім өзінің педагогикалық қызметіндегі ерекше сәттерінен 5 фото серия арқылы көрсету.

1. Автор әр фото суретке қысқаша сипаттама береді (10 сөзге дейін).

2. Жұмыс jpg форматында орындалуы қажет.

3. Фотоэссе электронды түрде тапсырылады.

Бағалаудың негізгі критерийлері:

- фотосуреттің сапасы;
- фототсуреттің сипаттамасының тақырыпқа сәйкестігі;
- фотоэссенің ой жүйелілігі мен нақтылығы.

Үміткер облыстық конкурстың ұйымдастыру комитетіне электронды нұсқада тапсырады:

- аудандық (қалалық) білім бөлімінің ұсынысы (қосымша 1);
- мұғалімнің жетістіктерін айқындайтын электронды портфолиосы (қосымша 2);
- «Ұстаз – ұлы есім» фотоэссе

Портфолио мен фотоэссе **2023 жылдың 26 қыркүйегіне дейін** облыстық әдістемелік орталығына өткізеді.

Облыстық кезеңге құжаттарды ұсыну тәртібі:

Облыстық кезеңге қатысу үшін портфолио мен фотоэссені қатысушының атымен рәсімдеп, 2023 жылдың 25 қыркүйегіне дейін электронды **почтаға** (jetisu.metod@mail.ru) немесе эл.тасымалдағышта жіберілуі қажет. Көрсетілген мерзімнен кеш қалған жұмыстар қабылданбайды.

Казылар алқасы

Әр кезеңдік іс-шараларды талқылауға қазылар алқасы құрылады. Оның құрамын, жұмыс тәртібін, төрелік жүйесін құрылтайшылар бекітеді. Байқаудың қазылар алқасын ұйымдастыру комитетінің ұсынуымен білім басқармасының басшысы бекітеді.

Қазылар алқасы байқаудың жүлдегерлерін анықтайды және оларды марапаттайды.

Байқау женімпаздарын марапаттау

Байқау нәтижесі бойынша қазылар алқасы I, II, III орындар және «**Ұздік сабак**», «**Ұздік фотоэссе**», «**Шығармашыл педагог**» номинациялары бойынша женімпаздарды анықтайды.

Байқау женімпаздары грамоталар мен бағалы сыйлықтармен марапатталады. Қатысушылар алғыс хаттармен марапатталады.

«Жетісу ұстазы» байқауының облыстық кезеңіне қатысуға арналған

ӨТІНІМ

Мені байқауға қатысуға жіберуіңізді сұраймын. Өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын:

- | | |
|----|---|
| 1. | Жұмыс орны |
| 2. | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) |
| 3. | Туган күні, айы, жылы |
| 4. | Лауазымы |
| 5. | Педагогикалық өтілі |
| 6. | Лауазымдығы жұмыс өтілі |
| 7. | Білімі (қандай оқу орнын, факультеті, қай жылды бітірді |
| 8. | Біліктілік санаты |
| 9. | Байланыс телефоны (үй, ұялы), электронды поштасы |

Қосымша: байқауға қатысу құжаттары

Өтінімнің толтырылған күні _____

Байқауға қатысушының жеке қолы _____

Білім беру ұйымы басшысының қолы _____

1. Педагог портфолиосының құрылымы

1. Педагогтің кәсіби шеберлігі мен жетістіктері (біліктілікті арттыру, кәсіби шеберлік конкурстары, грамоталары, мақтау қағаздары, алғыс хаттар).

2. Педагогтік қызметінің мониторингі (соңғы үш жылдағы білім сапасының даму динамикасы және мониторингі; пән бойынша сырттай бағалаудың қорытындысы туралы мәлімет; ҰБТ, оқушыларының жетістігі, олимпиадалардың, пән бойынша жарыстардың (конкурстардың), жеңімпаздары)

3. Педагогикалық тәжірибесі (авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер (болған жағдайда), педагог қатысқан семинарлар, конкурстар, дөңгелек үстелдер, фестивальдар, озық педагогикалық тәжірибелі жинақтау және тарату).